

"Шикізаттық емес тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің экспортын ілгерілету жөніндегі жол картасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2019 жылғы 29 тамыздағы № 163-ө өкіміне өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2020 жылғы 29 шілдедегі № 103-ө өкімі "Шикізаттық емес тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің экспортын ілгерілету жөніндегі жол картасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2019 жылғы 29 тамыздағы № 163-ө өкіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген өкіммен бекітілген Шикізаттық емес тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің экспортын ілгерілету жөніндегі жол картасы осы өкімге қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Премьер-Министр

А. Мамин

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2020 жылғы 29 шілдедегі
№ 103-ө өкіміне
қосымша

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2019 жылғы 29 тамыздағы
№ 163-ө өкімімен
бекітілген

**Шикізаттық емес тауарлар мен көрсетілетін қызметтер экспортын ілгерілету жөніндегі
ЖОЛ КАРТАСЫ**

Р/с №	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімдері	Қаржыландыру көздері
1	2	3	4	5	6
1	Мыналар : өндіруші; өндірістік куаттар; нақты шығарылатын көлемдер; өндірілетін өнімнің қасиеттері мен мақсаты; өз өнімін өткізудің ағымдағы нарықтары; өндірушілердің жаңа шетелдік нарықтарға экспорттау және т.б. мәселені пысықтауы;	export.gov.kz интранет-порталында ақпаратты орналастыру	СИМ, ИИДМ, АШМ, ЦДИАӨМ, ЭМ, Қаржымині,	тұрақты негізде	

	шет елдердің осы өнімге қажеттіліктері туралы мәліметтер қамтылатын қазақстандық өңделген өнім өндірушілердің тізілімі мен картасын қалыптастыру және жүргізу жөнінде іс-шаралар жүргізу		ҰЭМ, ЖАО, ҰКП (келісу бойынша)		талап етілмейді
2	Индустриялық сертификаттар беру шеңберінде өңделген өнім өндірушілерді паспорттау (құпия емес бөлік)	export.gov.kz интранет-порталында ақпаратты орналастыру	СИМ, ИИДМ, АШМ, ЦДИАӨМ, ЭМ, Қаржымині, ЖАО, ҰКП (келісу бойынша), "QazIndustry" ҚИЭО" АҚ (келісу бойынша), "QazTrade" ССДО" АҚ (келісу бойынша)	тұрақты негізде	талап етілмейді
3	Қазақстандық өңделген өнім экспортының перспективалары тұрғысынан шетелдік нарықтарды зерделеу бойынша маркетингтік талдау жүргізу, оның ішінде: 1) тұтыну көлемдерін; 2) сатып алу бағаларын (тұтынылатын өнімнің қасиеттеріне байланысты); 3) сатып алушылардың неғұрлым кең таралған келісімшарттық талаптарын; 4) логистиканы; 5) импорт кезінде кеден баждарының, салықтардың және өзге де алымдардың мөлшерлемелерін; 6) коммерциялық және мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнаманы; 7) әкімшілендірудің өзге де тетіктерін, оның ішінде импорттың сандық шектеулері мен тарифтік квоталардың болуын айқындау	талдамалық ақпарат	СИМ, СИМ, ИИДМ, Қаржымині, ЦДИАӨМ ҰКП (келісу бойынша), "QazTrade" ССДО" АҚ (келісу бойынша), "QazIndustry" ҚИЭО" АҚ (келісу бойынша)	2020 – 2021 жылдар	талап етілмейді
	Негізгі өткізу нарықтарында танымал және сұранысқа ие қазақстандық брендтерді құру қажеттігіне талдау жүргізу, оның ішінде:				

4	1) "Made in Kazakhstan" бірыңғай қолшатыр бренді; 2) шетелдік сатып алушылардың тұтынушылық талғамын зерделеу; 3) Қазақстан Республикасында өндірілетін тауарларға ұқсас шетелдік нарықтарда неғұрлым сұранысқа ие тауарлардың техникалық ерекшеліктері (физикалық қасиеттері) бойынша ұсынымдар дайындау; 4) нысаналы нарыққа бағдарланған сауда маркаларын, дизайнын құру; 5) өнімді таңбалауға қойылатын шетелдік талаптарды зерделеу; 6) нысаналы нарықтарда қаптаманың ерекшелігін зерделей отырып, тартымды, сапалы, креативті, экологиялық, инновациялық, функционалды және арзан қаптама әзірлеу	СИМ-ге талдамалық ақпарат	АҚДМ, ИИДМ, АШМ, ҰЭМ, МСМ, "QazTrade" ССДО" АҚ (келісу бойынша), ҰКП (келісу бойынша)	2020 – 2021 жылдар	2020 – 2021 жылдарға арналған республикалық бюджетте 090 бюджеттік бағдарламасы бойынша көзделген қаражат шеңберінде
5	Қолданыстағы техникалық реттеу, стандарттау және сәйкестікті бағалау, экспорты басым елдердің (кемінде 3 елді, кемінде 3 саланы, әрбір ел бойынша кемінде 30 өнім түрін қамти отырып) жүйелеріне елдік шолу жүргізу	ақпаратты export.gov.kz_ интранет-порталында орналастыру	СИМ, ИИДМ, СІМ, ҰКП (келісу бойынша), "QazTrade" ССДО" АҚ (келісу бойынша)	2020 жылғы желтоқсан	республикалық бюджетте 090 бюджеттік бағдарламасы бойынша көзделген қаражаттар шеңберінде
6	Шетелдік техникалық регламенттердің талаптарына және өнімді сертификаттау саласындағы қазіргі заманғы талаптарға сәйкес келетін жабдықтармен жарақталған, Қазақстанда жұмыс істеп тұрған сынақ зертханаларын жете жарақтандыру немесе жаңаларын құру мәселесін пысықтау	талдамалық ақпарат	СИМ, ИИДМ, АШМ, СІМ, ДСМ, ҰКП (келісу бойынша)	2020 жылғы желтоқсан	талап етілмейді
	Отандық өнімге қолданылатын ветеринариялық, санитариялық және фитосанитариялық реттеу				

7	саласындағы импортталатын өнімге шет мемлекеттердің нормативтік талаптары тұрғысынан шетелдік нарықтарға талдау жүргізу. Проблемалық мәселелерді, кедергілерді анықтау және оларды жою жөнінде ұсыныстар әзірлеу	талдамалық ақпарат	АШМ, СИМ, СИМ, ДСМ, ҰКП (келісу бойынша)	тоқсан сайын	талап етілмейді
8	Экспортқа бағдарланған машина жасау өнімін өндіретін шағын және орта бизнеске неғұрлым төмен мөлшерлеменен кредит беруге бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын әзірлеу	Үкіметке ұсыныстар	СИМ, ИИДМ, ҰЭМ, Қаржымині, ҰБ (келісу бойынша), "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ, "ҚДБ" АҚ (келісу бойынша), ҰКП (келісу бойынша), "KazakhExport" ЭСК" АҚ (келісу бойынша)	2020 жылғы қараша	талап етілмейді
9	Екінші деңгейдегі банктер, Қазақстанның Даму банкі, лизингтік қызметті жүзеге асыратын өзге де заңды тұлғалар беретін кредиттер және жасайтын лизингтік мәмілелер бойынша отандық өңделген жоғары технологиялық өнімдер мен көрсетілетін қызметтерді шетелдік сатып алушыларға экспортты қолдау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының ұлттық компаниясы тарапынан сақтандыруға жататын сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауды енгізу	талдамалық ақпарат	СИМ, ИИДМ, ҰЭМ, СИМ, "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ, "KazakhExport" ЭСК" АҚ (келісу бойынша), ҰКП (келісу бойынша)	2020 жылғы қараша	талап етілмейді
10	"Қазақстан қор биржасы" АҚ және "Астана" халықаралық қаржы орталығының алаңдарында облигациялық қарыз арқылы отандық экспорттаушыларды қолдау мақсатында "Қазақстанның Даму Банкі туралы" Заңға өзгерістер енгізу мәселесін пысықтау	Үкіметке ұсыныстар	СИМ, ИИДМ, ҰЭМ, ҰБ (келісу бойынша), "ҚҚБ" АҚ (келісу бойынша), "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ (келісу бойынша), АХҚО (келісу бойынша)	2020 жылғы қазан	талап етілмейді
	Экспорттаушыларды қолдау, экспортты дамыту және		СИМ, мүдделі мемлекеттік органдар, ЖАО,		

11	ілгерілету мәселелерін реттейтін Қазақстан Республикасының құқықтық актілеріне түгендеу жүргізу	талдамалық ақпарат	ұлттық басқарушы холдингтер (келісу бойынша)	2020 жылғы қазан	талап етілмейді
12	Үшінші елдерде қоймаларды, оның ішінде МЖӘ тетіктері арқылы ұйымдастыру мүмкіндігіне талдау жүргізу	талдамалық ақпарат	СИМ, СИМ, ҰКП (келісу бойынша), "QazTrade" ССДО" АҚ (келісу бойынша)	2020 жылғы қазан	талап етілмейді
13	Экспортты ілгерілету бойынша бірыңғай ұлттық институт құру мәселесін қарау	талдамалық ақпарат	СИМ, мүдделі мемлекеттік органдар, ЖАО, ұлттық басқарушы холдингтер (келісу бойынша)	2020 жылғы қараша	талап етілмейді
14	Шет елдерде нәтижеге ынталы "сауда лоббистері" (құрметті консулдарды) институтын енгізудің орындылығына талдау жүргізу	талдамалық ақпарат	СИМ, СИМ, ҰКП (келісу бойынша), "QazTrade" ССДО" АҚ (келісу бойынша)	2020 жылғы қараша	талап етілмейді
15	Нысаналы өткізу нарықтарында өнеркәсіптік және ауыл шаруашылығы салалары өнімдерінің қазақстандық "бренд-амбассадорлар" институтын енгізудің орындылығына талдау жүргізу	талдамалық ақпарат	СИМ, СИМ, МСМ, ҰЭМ, АШМ, ҰКП (келісу бойынша)	2020 жылғы қараша	талап етілмейді
16	Экспорттық жөнелтілімдерді контейнерлеу жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу	СИМ-ге талдамалық ақпарат	"ҚТЖ" ҰК" АҚ (келісу бойынша), ҰКП (келісу бойынша)	2020 жылғы қазан	талап етілмейді
17	Жүк тасымалдаушыларын көбірек қамту және көлік ұсынысының профицитін құру үшін жүк тасымалдары көлік агрегаторларының (мобильді қосымшалардың) ақпараттық технологияларын дамытуды ынталандыру мәселесін пысықтау	СИМ-ге талдамалық ақпарат	ЦДИАӨМ, ИИДМ, ҰЭМ, "ҚТЖ" ҰК" АҚ (келісу бойынша), ҰКП (келісу бойынша), "QazTrade" ССДО" АҚ (келісу бойынша), "QazIndustry" ҚИЭО" АҚ (келісу бойынша)	2020 жылғы қараша	талап етілмейді
	Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту мемлекеттік бағдарламасының және Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық				

18	дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының басымдықтарына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 желтоқсандағы № 1276, 2015 жылғы 11 наурыздағы № 124 қаулыларымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өңдеу өнеркәсібінде кәсіпкерлік субъектілерін қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен іс-қимыл жоспары шеңберінде қаржыландыру үшін тамақ өнеркәсібі салаларының тізбесін қайта қарау	талдамалық ақпарат	АШМ, ИИДМ, ҰЭМ, "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ (келісу бойынша), ҰБ (келісу бойынша),	2020 жылғы қазан	талап етілмейді
19	Орналастырудан түскен қаражатты эмитент экспорттық операцияларды іске асыруға бағыттайтын облигацияларды ҚДБ-ның сатып алуы арқылы экспорттық операцияларды қаржыландыру мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында "Қазақстанның Даму Банкі туралы" Заңға өзгерістер енгізу мәселесін пысықтау	Үкіметке ұсыныстар	СИМ, "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ (келісу бойынша), ҚДБ (келісу бойынша)	2020 жылғы желтоқсан	талап етілмейді
20	Басым нарықтарға қазақстандық экспорттаушылардың қатысуын қамтамасыз ету мақсатында олардың мемлекеттік сатып алу және квазимемлекеттік сектордағы сатып алу саласындағы заңнамасын зерделеу	ҰКП-ге ақпарат	А Ш М , Қаржымині	2020 жылғы желтоқсан	талап етілмейді
21	Отандық өнімді кедергісіз экспорттау үшін үшінші елдердің инспекторларының нысаналы нарықтарға отандық экспорттаушылардың ветеринариялық және фитосанитариялық жүйесін инспекциялауды жүргізуі	іс-шаралар жоспары	А Ш М , Қаржымині, СИМ, ҰКП (келісу бойынша)	мүдделі кәсіпорындардан өтінімдердің түсуіне қарай	республикалық бюджетте көзделген қаражат шеңберінде
	Сапа сәйкестігі сертификаттарын келісу				

22	бойынша негізгі импорттаушы елдермен келіссөздер жүргізу	келісілген сапа сертификаттары	СИМ, ДСМ, ҰКП (келісу бойынша)	үнемі	талап етілмейді
23	Халықаралық стандарттарға сәйкес қазақстандық өнімнің "Халал" стандартына сәйкестігін сертификаттауды енгізу	СИМ-ге талдамалық ақпарат	АШМ, ДСМ, "ҚМДБ" РДБ (келісу бойынша), ҰКП (келісу бойынша)	2020 жылғы желтоқсан	талап етілмейді
24	Халықаралық стандарттарға сәйкес қазақстандық өнімнің "Органик" стандартына сәйкестігін сертификаттауды енгізу	СИМ-ге талдамалық ақпарат	АШМ, ҰЭМ, ИИДМ, ДСМ, ҰКП (келісу бойынша)	2020 жылғы желтоқсан	талап етілмейді
25	Қазақстандық өнімнің сыртқы нарықтарға қол жеткізу жағдайына мониторинг жүргізу	мемлекеттік органдарға ақпарат	СИМ, "QazTrade" ССДО" АҚ (келісу бойынша), "QazIndustry" ҚИЭО" АҚ (келісу бойынша)	2020 – 2021 жылдар	талап етілмейді
26	Жүктерді Өзбекстан аумағы арқылы тасымалдау үшін теміржол тарифін төмендету мәселесін пысықтау	СИМ-ге талдамалық ақпарат	ИИДМ, СИМ, "ҚТЖ" ҰК" АҚ (келісу бойынша)	2020 жылғы желтоқсан	талап етілмейді
27	Шикізат пен дайын тауарларды экспорттау кезінде сараланған ҚҚС қолдану мәселесін қарау	СИМ-ге ұсыныс	ҰЭМ, Қаржымині, АШМ, ИИДМ, ҰКП (келісу бойынша)	2020 жылғы қазан	талап етілмейді
28	Үшінші елдердің нарықтарына қол жеткізу шарттарын жақсарту жөнінде шаралар қабылдау	талдамалық ақпарат	СИМ, ИИДМ, АШМ, "QazTrade" ССДО" АҚ (келісу бойынша), ҰКП (келісу бойынша)	2020 – 2021 жылдар	талап етілмейді
29	Елдердің ветеринариялық қызметтеріне жүгіну және басым елдермен ветеринариялық сертификаттарды келісу	СИМ-ге ақпарат	АШМ, ҰКП (келісу бойынша)	үнемі	талап етілмейді
30	Тиелген авторефрижераторларды Каспий теңізі арқылы тасымалдауға маманданған теңіз паромдарының флотын ұлғайту мәселесін пысықтау	СИМ-ге ақпарат	"Самұрық-Қазына" ҰАҚ ("ҚТКФ" ҰТКК АҚ) (келісу бойынша), ҰКП (келісу бойынша)	2020 жылғы қазан	талап етілмейді
	Қазақстан Республикасында қолданудың орындылығы тұрғысынан экспортталатын				

31	тамақ өнімі үшін "Health Certificate" ерікті сертификаттауды пайдаланудың халықаралық практикасына талдау жүргізу	талдамалық ақпарат	СИМ, АШМ, ДСМ, ҰКП (келісу бойынша)	2020 жылғы қазан	талап етілмейді
32	Қазақстандық компаниялар көрсете алатын қызметтердің барлық салаларының экспортын дамытудың перспективалық бағыттарын айқындау мақсатында сыртқы нарықтардың қажеттіліктеріне маркетингтік талдау жүргізу	СИМ-ге ақпарат	ЦДИАӨМ, ИИДМ, БҒМ, МСМ, ДСМ, "Зерде" ҰИХ" АҚ (келісу бойынша), "QazTrade" ССДО" АҚ (келісу бойынша), ҰКП (келісу бойынша)	2020 жылғы желтоқсан	талап етілмейді
33	Қазақстандық көрсетілетін қызметтердің экспортын ілгерілету және қолдау жөнінде ұсыныстар әзірлеу	талдамалық ақпарат	СИМ, мүдделі мемлекеттік органдар және ұйымдар	2020 жылғы желтоқсан	талап етілмейді
34	"Қазақстан Республикасындағы құрылыс" және "шетелдегі құрылыс" көрсеткіштері бойынша статистикалық есептілікті жүргізу мәселесін пысықтау	СИМ-ге ақпарат	ҰБ (келісу бойынша), ҰЭМ	2020 жылғы қазан	талап етілмейді
35	Өңірлер бөлінісінде көрсетілетін қызметтердің экспорты бойынша статистиканы жүргізу мәселесін пысықтау	СИМ-ге ақпарат	ҰБ (келісу бойынша), ҰЭМ	2020 жылғы қазан	талап етілмейді
36	"KIDS GO FREE" қағидаты бойынша каникул кезеңінде балалардың тегін авиаұшуын субсидиялау мәселесін пысықтау	СИМ-ге ұсыныс	МСМ, Қаржымині	2020 жылғы қыркүйек	2019 – 2021 жылдарға арналған республикалық бюджетте 043 бюджеттік бағдарламасы бойынша көзделген қаражат шеңберінде
37	Соңғы тұтынушы үшін, атап айтқанда, 18 жасқа дейінгі балалар үшін туристік өнімдер мен көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау мәселесін қарау	СИМ-ге ұсыныс	МСМ, ҰЭМ, Қаржымині, АШМ	2020 жылғы қыркүйек	бюджеттен тыс қаражат
	Шетелдік азаматтарға медициналық қызмет көрсету көлемін анықтау бөлігінде ДСМ әкімшілік				

38	есептілігі бойынша респонденттер қатарына дара кәсіпкерлерді қоса алғанда, жеке медициналық мекемелерді енгізу мәселесін пысықтау	СИМ-ге ақпарат	ДСМ, ҰЭМ, ҰБ (келісу бойынша)	2020 жылғы қазан	талап етілмейді
39	Шет елдердің (Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, Еуропалық Одақ, Қытай, Үндістан, Пәкістан) студент жастарының қазақстандық білім беру қызметтеріне қажеттілігі мен қызығушылығына кешенді талдау жүргізу	СИМ-ге ақпарат	БҒМ, СИМ, "Болашақ" ХБО (келісу бойынша), БПЖАҰО (келісу бойынша)	2020 жылғы желтоқсан	талап етілмейді
40	"Қазақстандағы білім беру" бірыңғай порталын іске қосу мәселесін пысықтау	БҒМ бұйрығы	БҒМ, "Болашақ" ХБО (келісу бойынша)	2020 жылғы желтоқсан	бюджеттен тыс қаражат
41	Шетелдік студенттер үшін стипендиялық бағдарламаларды іске асыру	СИМ-ге ақпарат	БҒМ, БПЖАҰО (келісу бойынша)	2020 – 2022 жылдар	бюджеттен тыс қаражат
42	Қазақстан Республикасы техникалық сарапшыларының белгіленген тәртіппен Мемлекетаралық техникалық комитеттің отырыстарына қатысуын ұйымдастыру, сондай-ақ ISO техникалық комитеттерінің отырыстарына қатысу бойынша мәселені пысықтау	талдамалық ақпарат	СИМ, Қаржымині, ҰЭМ, мүдделі мемлекеттік органдар	2020 – 2022 жылдар	талап етілмейді
43	Экспортқа арналған АКТ-өнімдердің қазақстандық каталогын жасау және тарату	СИМ-ге ақпарат	ЦДИАӨМ, "Зерде" ҰИХ" АҚ (келісу бойынша), "Astana Hub" ХТ, ҰКП (келісу бойынша)	2020 жылғы желтоқсан	бюджеттен тыс қаражат
44	Кездесулер, іс-шаралар өткізу, халықаралық көрмелерге қатысу және т.б. арқылы Қазақстанның цифрландыру және отандық АКТ-өнімдер бойынша тәжірибесін ілгерілету және оның маркетингі	СИМ-ге ақпарат	ЦДИАӨМ, "Зерде" ҰИХ" АҚ (келісу бойынша), "Astana Hub" ХТ (келісу бойынша), ҰКП (келісу бойынша)	үнемі	бюджеттен тыс қаражат
45	"Astana Hub" халықаралық технопаркіне көрші елдерден бәсекеге қабілетті АКТ кадрларын тарту	СИМ-ге ақпарат	ЦДИАӨМ, "Astana Hub" ХТ (келісу бойынша), "Зерде" ҰИХ" АҚ (келісу бойынша)	үнемі	бюджеттен тыс қаражат

46	"Astana Hub" халықаралық технопаркi базасында экспортқа бағдарланған АКТ өнімін шығаруға бағытталған жаңа акселерация бағдарламаларын енгізу	СИМ-ге ақпарат	ЦДИАӨМ, "Astana Hub" ХТ (келісу бойынша), "Зерде" ҰИХ" АҚ (келісу бойынша)	үнемі	бюджеттен тыс қаражат
47	ЖҚЗ ҒЖ өнімдері мен көрсетілетін қызметтерін ілгерілету мақсатында бизнес-форумдарды өткізуге, халықаралық көрмелерге және т.б. іс-шараларға қатысуға ұйымдастырушылық қолдау көрсету	форумдар, көрмелер қорытындылары бойынша қол қойылған шарттар/ меморандумдар	СИМ, ЦДИАӨМ, СИМ, "Astana Hub" ХТ (келісу бойынша)	үнемі	бюджеттен тыс қаражат
48	"ЖҚЗ ҒЖ өнімдері мен көрсетілетін қызметтері" бағытын көрмелер мен сауда миссияларының тізбесіне қосу	сауда миссияларына, форумдар мен көрмелерге қатысу	СИМ, ЦДИАӨМ, СИМ, "Astana Hub" ХТ (келісу бойынша)	үнемі	бюджеттен тыс қаражат
49	ЖҚЗ ҒЖ өнімдері мен көрсетілетін қызметтері бойынша қазақстандық каталогты экспортқа тарату	СИМ-ге ақпарат	ЦДИАӨМ, СИМ	жыл сайын (желтоқсан)	бюджеттен тыс қаражат
50	"Astana Hub" халықаралық технопаркi платформасында ЖҚЗ деректері негізінде өнімдер мен көрсетілетін қызметтерді жасау және ілгерілету саласындағы халықаралық компаниялардың тәжірибе алмасу алаңын құру мәселесін пысықтау	қол қойылған шарттар/ меморандумдар	ЦДИАӨМ, СИМ, "Astana Hub" ХТ (келісу бойынша)	2020 – 2021 жылдар	талап етілмейді
51	ҰҒО-ның негізінде ЖҚЗ және ГАЗ бойынша өңірлік Құзырет орталығын құру мәселесін пысықтау	ҰҒО, ЖҚЗ және ГАЗ өңірлік құзырет орталығы	ЦДИАӨМ, СИМ	2021 – 2022 жылдар	талап етілмейді
52	ЖҚЗ ҒЖ ресурстарын толық көлемде пайдалану мақсатында топқа кіру мәселесін пысықтау	шарттар/ келісімшарттар	ЦДИАӨМ, СИМ	2020 – 2022 жылдар	бюджеттен тыс қаражат
53	Қазақстандық өнімнің ЕАЭО мемлекеттерінің нарығына шығуы үшін кедергілерді (шектеулерді) анықтау және оларды жою бойынша ұсыныстар әзірлеу	талдамалық ақпарат	СИМ, СИМ, АШМ, ЦДИАӨМ, ЖАО, "QazTrade" ССДО" АҚ (келісу бойынша), ҰКП (келісу бойынша)	2020 – 2021 жылдар	талап етілмейді

54	Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің Ресей Федерациясының ірі сауда-өткізу желілеріне қолжетімділігін ашу бойынша қазақстандық өндірушілерге жағдай жасау	талдамалық ақпарат	СИМ, СИМ, ЦДИАӨМ, ҰКП (келісу бойынша)	2020 жылғы желтоқсан	талап етілмейді
55	Астық өңдеу өнімдерін жүйелі қолдау және экспортқа ілгерілету шараларын әзірлеу	талдамалық ақпарат	СИМ, АШМ, ЖАО, "QazTrade" ССДО" АҚ (келісу бойынша), ҰКП (келісу бойынша)	2020 жылғы қазан	талап етілмейді
56	Астық өңдеу өнімдерін қолдау және бірыңғай ұлттық брендпен Қытай нарығына ілгерілету жөнінде іс-шаралар әзірлеу	СИМ-ге ұсыныстар	АШМ, АҚДМ, Қаржымині, СИМ, ЖАО, "QazTrade" ССДО" АҚ (келісу бойынша), ҰКП (келісу бойынша), "ҚазАгро" АҚ (келісу бойынша)	2020 жылғы қазан	талап етілмейді
57	Ресей Федерациясына қазақстандық тауарларды экспорттық жеткізудің "SOS-сүйемелдеу" жүйесін енгізу	СИМ-ге ақпарат	Қаржымині, АШМ, СИМ, ЦДИАӨМ ҰҚК ШҚ (келісу бойынша), ЖАО, ҰКП (келісу бойынша), "QazTrade" ССДО" АҚ (келісу бойынша)	2020 жылғы қараша	талап етілмейді
58	Қазақстан-Ресей шекарасында қазақстандық тауарларды жедел өткізуді ұйымдастыру (басым өту - шекаралық өткелдің қазақстандық бөлігі арқылы Priority pass)	СИМ-ге ақпарат	Қаржымині, ҰҚК ШҚ (келісу бойынша), ЖАО, ҰКП (келісу бойынша),	2020 жылғы қараша	талап етілмейді
59	ЕО мен Швейцария нарықтарына отандық шикізаттық емес тауарлар мен көрсетілетін қызметтер экспортын ұлғайту жөнінде шаралар қабылдау	талдамалық ақпарат	СИМ, СИМ, АШМ, ИИДМ, "QazTrade" ССДО" АҚ (келісу бойынша), "QazIndustry" ҚИЭО" АҚ (келісу бойынша)	2020 жылғы қараша	талап етілмейді

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

"Astana Hub" ХТ - "Astana Hub" халықаралық технопаркi

ISO - халықаралық стандарттау ұйымы

"Kazakh Tourism ҰК" АҚ	- "KazakhTourism" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы
"KazakhExport" ЭСК" АҚ	- "KazakhExport" экспорттық сақтандыру компаниясы" акционерлік қоғамы
"Qazindustry" ҚИЭО" АҚ	- "Qazindustry" Қазақстандық индустрия және экспорт орталығы" акционерлік қоғамы
"Qaztrade" ССДО" АҚ	- "Qaztrade" сауда саясатын дамыту орталығы" акционерлік қоғамы
АКТ	- ақпараттық коммуникациялық технологиялар
АӨК	- агроөнеркәсіптік кешен
АШМ	- Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі
АХҚО	- "Астана" халықаралық қаржы орталығы
БҒМ	- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
"Бәйтерек ҰБХ" АҚ	- "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамы
"Болашақ" ХБО	- "Болашақ" халықаралық бағдарламалар орталығы
БПЖАҰО	- Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығы
ГАЗ	- геоақпараттық жүйе
"Даму" КДҚ" АҚ	- "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамы
ДСМ	- Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі
ЕАЭО	- Еуразиялық экономикалық одақ
ЕО	- Еуропалық одақ
ЖАО	- жергілікті атқарушы органдар
ЖҚЗ ҒЖ	- жерді қашықтықтан зондтау ғарыш жүйесі
"Зерде" ҰИКХ" АҚ	- "Зерде" ұлттық инфокоммуникация холдингі" акционерлік қоғамы
ИИДМ	- Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі
"ҚазАгро" ҰБХ" АҚ	- "ҚазАгро" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамы
Қаржымині	- Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
ҚДБ	- "Қазақстанның даму банкі" акционерлік қоғамы
"ҚҚБ" АҚ	- "Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамы
ҚҚС	- қосылған құн салығы
"ҚМДБ" РДБ	- "Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы" республикалық діни бірлестігі
"ҚТЖ" ҰК" АҚ	- "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы
"ҚТКФ" ҰТКК" ЖШС	- "Қазтеңізкөлікфлоты" ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
МЖӘ	- мемлекеттік-жекешелік әріптестік
МСМ	- Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі
"Самұрық-Қазына" ҰӘҚ АҚ	- "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы
СИМ	- Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі
СІМ	- Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі
ҰБ	- Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
ҰҒО	- Ұлттық ғарыш орталығы
ҰКП	- "Атамекен" ұлттық кәсіпкерлер палатасы
ҰЭМ	- Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі

ЦДИАӨМ

- Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

ЭМ

- Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК